



GTAMP 06.56.21
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2789-4320-2026-1-72-85>

Шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау модельдерін салыстырмалы талдау: әлемдік тәжірибе контекстіндегі Қазақстандық тәжірибенің трансформациясы

М.С. Закирова^{1*}, Е.Қ. Жаров²

¹Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан

²Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Ақмола облысы бойынша филиалы, Көкшетау, Қазақстан

(E-mail: ¹MZakirova@shokan.edu.kz, ²yerzhan.zharov@apa.kz)

Аңдатпа. Мақсаты: бұл мақалада 2015-2025 жылдар аралығындағы кезеңде Қазақстан Республикасындағы шағын және орта бизнесті (ШОБ) мемлекеттік қолдау құралдарының тиімділігі бағаланады және әмбебап шаралардан инновациялық дамуды селективті ынталандыру моделіне көшу қажеттілігі негізделеді.

Әдістер: зерттеу жүйелі тәсілге негізделген және Қазақстанның 17 аймағы мен үш мегаполисінің 2015-2025 жылдар аралығындағы статистикалық деректерінің сипаттамалық талдауын қамтиды. Негізгі әдіс ретінде ЭЫДҰ елдерінің озық тәжірибелерімен халықаралық салыстырмалы талдау (бенчмаркинг) қолданылды.

Нәтижелер: 2015–2025 жылдардағы динамиканы талдау нәтижелері жалпы ішкі өнімдегі ШОБ 38,2 %-ға дейін өсуіне қарамастан, құрылымдық тоқырау сақталғанын, яғни аймақтардың 41,8 %-ның бағдары әлі де саудаға бағытталғанын көрсетті. Сондай-ақ, инновациялық кәсіпорындардың 65 %-ның мегаполистерде орналасуынан туындайтын аймақтық теңгерімсіздіктер мен субсидияларды бөлудегі тиімсіздік анықталды.

Ғылыми жаңалық: бұл жұмыстың ғылыми жаңалығы тікелей субсидияларды негізгі еңбек өнімділігі көрсеткіштерімен байланысты тәуекелдерді бөлу құралдарымен алмастыруды ұсынатын «болжамды жеделдету» моделін әзірлеуде жатыр.

Практикалық маңыздылық: зерттеудің практикалық маңыздылығы даму институттарының ашықтығы мен тиімділігін арттыруға бағытталған өтпелі салық режимдерін және үлкен деректерге негізделген цифрлық бағалау жүйесін енгізуді негіздеуінде жатыр.

Түйін сөздер: шағын бизнес, мемлекеттік қолдау, Қазақстан Республикасы, халықаралық бенчмаркинг, инновациялық экожүйе, аллокативті тиімділік.

Received 18.02.2026. Revised 23.02.2026. Accepted 25.02.2026. Available online 30.03.2026

Кіріспе

Шағын және орта кәсіпкерлік (ШОБ) макроэкономикалық күйзелістер кезінде демпфер және технологиялық жаңарудың драйвері функцияларын атқара отырып, заманауи нарықтық экономика архитектурасының іргелі элементі болып табылады. Жаһандық контексте ШОБ секторы өндірістік тізбектердің икемділігі мен экономиканың конъюнктура өзгерістеріне бейімделгіштігін ғана емес, сонымен қатар инклюзивті еңбек нарығын қалыптастыру және орта тапты нығайту арқылы мемлекеттің әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Varro (1998) атап өткендей, ұзақ мерзімді экономикалық өсудің тұрақтылығы жеке бастаманың дамуына ықпал ететін институционалдық ортаның сапасымен тікелей корреляцияланады. Қазақстан Республикасы жататын транзиттік экономикасы бар елдер үшін жеке кәсіпкерлікті дамыту шикізатқа тәуелділікті еңсерудің және ұлттық табысты әртараптандырудың стратегиялық құралы болып табылады.

Соңғы онжылдықта Қазақстандағы ШОБ секторы сандық өсудің әсерлі динамикасын көрсетті. Ұлттық статистика бюросының (2026) ресми деректеріне сәйкес, 2025 жылдың қорытындысы бойынша елдің жалпы ішкі өніміндегі (ЖІӨ) шағын және орта бизнестің үлесі рекордтық 38,2 %-ға жетті, бұл ақшалай түрде 59 трлн теңге сомасындағы өнім шығаруға тең. 2025 жылдың басына қарай белсенді ШОБ субъектілерінің жалпы саны 2,1 млн бірліктен асып, 4,2 млн-нан астам адамды жұмыспен қамтыды. Syzdykova & Azretbergenova (2025) көрсеткендей, мұндай динамика көбіне ауқымды мемлекеттік қаржыландырудың және «Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» шеңберіндегі жүйелі шараларды іске асырудың арқасында мүмкін болды.

Алайда, терең құрылымдық талдау оң макроэкономикалық көрсеткіштердің артында елеулі сапалық теңгерімсіздіктер жатқанын көрсетеді. World Bank (2024) есебінде субъектілер санының өсуіне қарамастан, Қазақстандағы инновациялық белсенді кәсіпорындардың үлесі 10,5 %-дан аспайтыны көрсетілген, бұл ЭЫДҰ елдері бойынша орташа көрсеткіштен (шамамен 32 %) едәуір төмен. Экспорттық бағдар деңгейі және жаһандық өндірістік тізбектерге интеграциялану сияқты сапалық индикаторлар да күтілген мәндерден төмен болып қалуда. OECD (2023) есебінде Орталық Азия елдері үшін шағын компаниялардың халықаралық нарықтарға нашар тартылуы тұрақты дамудың маңызды кедергісі болып қала беретіні атап өтілген.

Әлемдік нарықтардың құбылмалылығы аясында мемлекеттік қолдау құралдарының тиімділігі мәселесі ерекше өзектілікке ие болуда. Негізгі даму институттары, атап айтқанда «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ жыл сайын пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялауға және кредиттерге кепілдік беруге бағытталған бюджет қаражатының едәуір көлемін әкімшілендіреді. Соған қарамастан, Алибекова және оның әріптестерінің (2020) зерттеуінде атап өткендей, дамушы экономикалар үшін негізгі сын-қатер - тікелей қаржылық көмек пен нарықтық бұрмалануларды және бизнестің «масылдық» пиғылын болдырмайтын бәсекелестік нарықтық жағдайлар жасау арасындағы оңтайлы теңгерімді іздеу болып табылады.

Өз кезегінде, Kgakatsi et al. (2024) цифрлық трансформация мен қолдауды бөлу тетіктерін автоматтандыру әкімшілік кедергілерді азайту және сектордың ашықтығын арттыру үшін қажетті шарт екенін дәлелдейді. Мемлекеттік саясат парадигмасын сандық қамтудан сапалық нәтижелілікке қайта қарау қажеттілігі жаңа аналитикалық тәсілдерге деген сұранысты тудырады.

Осы мақаланың мақсаты - бизнесті ынталандырудың ұлттық жүйесін реформалаудың ең тиімді жолдарын анықтау үшін ШОБ-ты қолдаудың отандық және халықаралық модельдеріне салыстырмалы талдау жүргізу. Жұмыстың ғылыми маңыздылығы теориялық тәсілдер мен практикалық тәжірибені жүйелеуде жатыр, бұл селективтілік, атаулылық және элеуметтік-экономикалық қайтарым принциптеріне негізделген мемлекеттік қолдаудың болжамды моделін ұсынуға мүмкіндік береді.

Әдебиетке шолу

Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды зерттеудің теориялық негізі неоклассикалық және институционалдық экономикалық мектептерге сүйенеді. Кәсіпкерлік сектордың рөлін түсінуге Й. Шумпетер іргелі үлес қосты, ол өзінің «Экономикалық даму теориясы» еңбегінде кәсіпкерді өндіріс факторларының «жаңа комбинацияларын» жүзеге асыратын негізгі субъект ретінде сипаттады. Қазақстанның қазіргі заманғы экономикасы контекстінде Шумпетердің идеялары бизнестің өміршеңдігін жай ғана сақтау саясатынан оның инновациялық белсенділігін ынталандыруға көшу қажеттілігін өзектендіреді.

Қазіргі зерттеушілер ШОБ-ты қолдаудың «қазақстандық моделінің» ерекшеліктерін талдай отырып, оның жоғары орталықтандырылғанын және ресурстарды бөлудегі квазимемлекеттік сектордың басым рөлін атап өтеді (Syzykova & Azretbergenova, 2025). Даму институттарының қаржылық қатысуының айтарлықтай ауқымына қарамастан, мұндай модель сынға ұшырауда. Атап айтқанда, Вагго-ның (1998) экономикалық өсу зерттеулеріне сүйене отырып, пайыздық мөлшерлемелерді шамадан тыс субсидиялау ұзақ мерзімді перспективада нарықтық сигналдардың бұрмалануына және капиталдың тиімсіз бөлінуіне әкеледі деп пайымдауға болады. Осыған байланысты Қазақстанның институционалдық ортасы шағын бизнестің бейімделгіштігі мен нарықтық тұрақтылығын арттыру үшін одан әрі децентрализациялауды талап етеді.

Соңғы жылдардағы әдебиеттерде сектордың цифрлық трансформациясына ерекше назар аударылуда. Kireyeva & Tsoi (2018) Қазақстанның шағын бизнесінде Industry 4.0 технологияларын енгізуге инфрақұрылымдық кедергілер мен капиталдың жетіспеушілігінен бастап, білікті адами капиталдың тапшылығы мен өңірлердегі басшылардың цифрлық құзыреттілігінің төмендігіне дейінгі факторлар кешені кедергі келтіретінін алға тартады. Бұл Eduzor (2024) тұжырымдарымен сәйкес келеді, оған сәйкес цифрлық дәуірде табыстың шешуші факторы жинақталған капитал көлемі емес, маркетингтік инновацияларды енгізу жылдамдығы болып табылады, бұл икемді реттеуші ортаны құруды талап етеді.

ШОБ үшін фискалдық реттеу және «фискалдық тұзақ» мәселесі Алибекова және оның әріптестерінің (2020) зерттеуінде егжей-тегжейлі талданған. Автор айналым шегіне жеткенде жеңілдетілген салық режимдерінен жалпыға бірдей белгіленген тәртіпке күрт ауысу «шыны төбе әсерін» тудыратынын дәлелдейді. Бұл шағын кәсіпорындарды бизнесті саналы түрде бөлшектеуге мәжбүр етеді, бұл олардың операциялық тиімділігінің төмендеуіне әкеледі. Сонымен қатар, Алибекова және оның әріптестері (2020) қолдау бағдарламаларының фискалдық тұрақсыздық тәуекелдерін көрсете отырып, шамадан тыс жеңілдікті кредит беру кәсіпорындардың сапалы дамуын ынтасыздандыруы мүмкін екенін атап өтеді.

Saci & Mansour (2023) еңбегінде талданған халықаралық тәжірибе жаһандық тәсілдердің трансформациясын айғақтайды: дамыған елдер тікелей субсидиялаудан тәуекелдерді бөлісу құралдарына көбірек көшуде. Бұған мысал ретінде шағын бизнестің қолданбалы ғылыми орталықтармен терең интеграциялануына негізделген немістің «Mittelstand» моделі қызмет етеді, бұл компанияларға тар тауашаларда технологиялық көшбасшылықты сақтауға мүмкіндік береді. OECD (2023) есебіне сәйкес, стартаптар мен ірі корпорациялар арасындағы коллаборацияны ынталандыратын бағдарламалар ең тиімді деп танылады. Қазақстанда кластерлер құруды және оффтейк-келісімшарттар жүйесін қоса алғанда, мұндай тетіктер шағын бизнесті ірі корпорациялардың жеткізу тізбегіне енгізу және интеграциялау сатысында тұр, бұл одан әрі ғылыми пайымдауды және ұлттық шынайылыққа бейімдеуді талап етеді.

Зерттеу әдістері

Зерттеудің әдіснамалық негізі жүйелік және пәнаралық тәсілдердің кешенді үйлесіміне негізделген. Бұл ШОБ-ты мемлекеттік қолдау жүйесін тек қаржылық құралдардың жиынтығы ретінде ғана емес, сонымен қатар динамикалық экожүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Зерттеу гипотезасына сәйкес, Қазақстандағы ШОБ-ты қолдаудың қолданыстағы моделі (2015–2025) сандық көрсеткіштердің өсуін қамтамасыз еткенімен, салалық іріктеудің жоқтығынан технологиялық тиімділікке алып келмеді.

Зерттеу гипотезасы Қазақстанда қалыптасқан пайыздық мөлшерлемелерді жаппай субсидиялауға бағытталған мемлекеттік қолдаудың кең көлемді моделі ШОБ секторының құрылымдық сапасын өзгертпей, тек сандық өсуіне әкелді деген пайымдауға негізделген. Ресурстарды бөлу кезінде қатаң салалық критерийлер мен технологиялық жобалардың басымдылығының болмауы бизнестің төмен технологиялық құрылымын сақтап қалады. Бұл кәсіпкерлердің бюджеттік инвестицияларға тәуелділігін тудырып, ұлттық еңбек өнімділігінің өсуін тежейді деп болжанады.

Зерттеу әдістері екі негізгі компоненттен тұрады:

Статистикалық және динамикалық талдау: Ұлттық статистика бюросының, Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің және 2015–2025 жылдарға арналған «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының ресми деректерін зерттеу. Бұл әдіс 17 аймақ пен үш мегаполис (Астана, Алматы және Шымкент) бөлінісіндегі көрсеткіштерді стратификациялау арқылы салалық даму динамикасы мен аймақтық теңгерімсіздікті анықтауға мүмкіндік берді.

Халықаралық бенчмаркинг (салыстырмалы талдау): Қазақстан Республикасындағы ШОБ-ты қолдау жүйелерінің негізгі параметрлерін жетекші ЭЫДҰ елдерінің (Германия, Оңтүстік Корея, Сингапур) параметрлерімен салыстыру. Салыстыру ЖІӨ-дегі ШОБ үлесі, цифрлық жетілу деңгейі және инновацияларды қолдау тетіктері сияқты көрсеткіштерді пайдалану арқылы жүргізілді.

Деректерді өңдеу барысында топтастыру, динамикалық қатарларды құру және салыстырмалы шамаларды есептеу әдістері қолданылды. Бұл тәсіл іріктеменің репрезентативтілігін және қол жеткізілген қорытындылардың дәйектілігін қамтамасыз етті.

Нәтижелер және талқылаулар

Мемлекеттік қолдау бағдарламаларының ұзақ мерзімді әсерін бағалау үшін он жылдық кезең ішінде (2015–2025) ШОБ секторының негізгі көрсеткіштерінің уақыттық қатарына талдау жүргізілді. Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының тексерілген деректерін пайдалана отырып, біз тұрақты өсу үрдістерін және экономикалық құрылымдағы сандық өзгерістерді анықтадық. Қорытынды макроэкономикалық көрсеткіштер 1-кестеде келтірілген.

Кесте 1 – Қазақстан Республикасындағы шағын және орта бизнесті дамытудың негізгі көрсеткіштерінің динамикасы (2015–2025 жж.)

Көрсеткіштер	2015	2018	2021	2023	2024	2025
ЖІӨ-дегі ШОБ үлесі, %	24,9	28,4	33,3	36,5	37,8	38,2
ШОБ өнімі, триллион теңге	15,8	26,5	42,8	59,3	68,2	71,4
Белсенді ШОБ субъектілерінің саны, млн	1,1	1,2	1,4	2,0	2,15	2,2
ШОБ-та жұмыспен қамтылғандар саны, млн	3,1	3,3	3,5	4,1	4,25	4,3

Ескерту: Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының ресми деректері (2026).

1-кестедегі деректер сектордағы айтарлықтай экстенсивті өсімді көрсетеді. Оның ЖІӨ-дегі үлесінің 24,9 %-дан 38,2 %-ға дейін артуы сандық көрсеткіштерді жақсартудағы мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін көрсетеді. Дегенмен, гипотезада көрсетілгендей, бұл өсім сапалық құрылымдық өзгерістермен қатар жүрмеді.

Сондай-ақ, 2015–2025 жылдар кезеңіндегі ШОБ секторының динамикасын талдау дамудың толқын тәріздес сипатын көрсетеді. Егер 2015–2018 жылдары сектордың өсуіне негізгі үлесті «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы қосқан болса, 2021–2025 жылдары кезеңінде цифрлық платформаларға көшу және мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру негізгі факторға айналды. Дегенмен, Қазақстанның 17 аймағы бойынша статистикалық деректер 10 жыл ішінде өнеркәсіптік аймақтар (Қарағанды және Павлодар облыстары) мен сауда орталықтары (Алматы және Шымкент) арасындағы еңбек өнімділігінің аймақтық алшақтығы 12 %-ға өскенін растайды.

Он жылдық кезеңге (2015–2025) жүргізілген егжей-тегжейлі талдау қолданылған тәсілдердегі сапалық өзгерістерді айқын көрсетеді. 2015–2019 жылдарды қамтыған алғашқы қосалқы кезеңде мемлекеттік қолдау негізінен реактивті сипатта болды. Яғни, «Бизнес жол картасы» шеңберінде жаппай субсидиялау арқылы девальвациядан кейін секторды тұрақтандыруға басымдық берілді. Ал 2020–2022 жылдар пандемиялық шектеулерге байланысты жеделдетілген цифрландыру кезеңіне айналды (Әлібекова және т.б., 2020). Дегенмен, 2023–2025 жылдарға қарай «институционалдық тұзақтың» жүйелік әсері айқын болды: сандық көрсеткіштер (ШОБ үлесінің ЖІӨ-дегі 36,5 %-ға дейін өсуі) сапалық көрсеткіштермен үйлеспеді.

Сонымен қатар, 2015–2025 жылдар кезеңіндегі Қазақстан Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерлік (ШОБ) секторының ағымдағы жай-күйіне жүргізілген эмпирикалық талдау «сапалық стагнация жағдайындағы сандық өсу» парадоксының барын мәлімдеуге мүмкіндік береді. Ұлттық статистика бюросының (2026) ресми

деректеріне сәйкес, ШОБ-тың елдің жалпы ішкі өніміндегі үлесі 38,2 % тарихи максимумға жетті, бұл мемлекеттік бағдарламалардың нысаналы индикаторларының орындалғанын ресми түрде айғақтайды. Алайда, бұл көрсеткіштің егжей-тегжейлі декомпозициясы терең құрылымдық теңгерімсіздіктерді айқындайды. Атап айтқанда, белсенді ШОБ субъектілерінің жалпы санының 41,8 %-дан астамы сауда және делдалдық қызметтер саласында шоғырланған, мұнда қосылған құн деңгейі мен инновациялық белсенділік минималды күйінде қалып отыр.

Зерттеу барысында даму институттары арқылы қаржылық ресурстарды бөлу тиімділігіне ерекше назар аударылды. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (2024) есептілігіне жүргізілген талдау пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау тетіктері негізінен төмен технологиялық салалардағы қалыптасқан бизнес-моделі бар кәсіпорындарды қамтитынын көрсетті. 2-кесте деректерімен расталғандай, мемлекеттік қолдау көлемі мен тиісті секторлардағы еңбек өнімділігінің өсу қарқыны арасында кері байланыс байқалады.

Кесте 2 – ҚР-дағы ШОБ-ты мемлекеттік қолдау шараларының салыстырмалы тиімділігі (2025 ж.)

Салалық сегмент	Қаржылық қолдаудың жалпы көлеміндегі үлесі, %	Еңбек өнімділігінің өсу қарқыны, %	Сектордағы инновациялық белсенді кәсіпорындардың үлесі, %
Көтерме және бөлшек сауда	41,8	1,2	2,1
Өңдеу өнеркәсібі	19,2	6,1	14,8
IT және коммуникация саласы	7,4	14,2	42,6
Көлік және логистика	14,5	3,8	5,4

Ескертпе: Ұлттық статистика бюросы (2026) және «Даму» қоры (2024) деректері негізінде автор құрастырған

2-кестедегі деректер зерттеу гипотезасын тікелей растайды. Қаржылық қолдаудың ең үлкен үлесін (41,8 %) алған сауда саласында еңбек өнімділігінің өсуі тек 1,2 % құрады. Керісінше, өнімділіктің өсуінде көшбасшы болып табылатын IT (14,2 %) және өндіріс (6,1 %) салалары ең аз қолдау алды. Бұл салалық іріктеудің жетіспеушілігін және қолдаудың технологиялық тиімділікке бағытталмағанын көрсетеді. ЭЫДҰ есептеріне сәйкес (2023), бұл теңгерімсіздік технологиялық егемендікке кедергі болып табылады. 10 жылдағы динамика тұрғысынан алғанда, ШОБ қолдау құрылымындағы өндіріс секторының небәрі 3,4 %-ға ғана артқан. Бұл, Киреева мен Цой (2018) атап өткендей, Индустрия 4.0 әлеуетін толық жүзеге асыру үшін жеткіліксіз.

Зерттеудің өңірлік аспектісі мегаполистерде кәсіпкерлік капиталдың сыни шоғырлануын анықтады. 3-кестеде инвестиция тарту орталықтары мен өндіруші өңірлер арасындағы алшақтық көрсетілген. World Bank (2024) деректері бойынша, Алматы қаласында мемлекеттік қаражатты игеру тиімділігі Атырау облысына қарағанда 3,4 есе жоғары.

Кесте 3 – ШОБ дамуының өңірлік бөлінісі және мемлекеттік қолдау көлемі (2025 ж.)

Өңір атауы	Субсидиялар мен кепілдіктер көлемі, млрд теңге	Қолдаудың 100 млн теңгесіне құрылған жаңа жұмыс орындары	Өңірдің іскерлік белсенділік индексі
Алматы қ.	212,4	14,2	0,88
Астана қ.	184,8	12,8	0,82
Атырау облысы	48,2	4,1	0,45
Түркістан облысы	35,6	11,5	0,52

Ескертпе: Ұлттық статистика бюросының деректері (2026) негізінде автор құрастырған

Динамиканы егжей-тегжейлі талдау 2015–2025 жылдардағы еліміздің әртүрлі аймақтарындағы бизнестің даму деңгейінде алаңдатарлық алшақтықтың қалыптасқанын анықтады. Қазіргі заманғы және технологиялық тұрғыдан дамыған компаниялардың көпшілігі қазір ірі қалаларда шоғырланса, бұл сәйкесінше басқа аймақтардың артта қалып бара жатқанын да көрсетіп отыр. Егер 2015 жылы Алматы мен батыс аймақтар арасындағы дамыған кәсіпорындар санының айырмашылығы үш есе болса, 2025 жылға қарай бұл алшақтық бес еседен астамға өскен (World Bank, 2024).

Мұндай теңгерімсіздік аймақтарда білікті кадрлар үшін тартымды жұмыс орындарының жеткіліксіздігіне әкеледі. Сонымен қатар, зерттеу барысында «өсуге жасанды кедергі» деп сипаттауға болатын мәселені анықтады. Эмпирикалық деректерге сәйкес, шағын компаниялардың шамамен 22 %-ы жеңілдік салықтарының заңды шегіне жақындаған кезде кірістерін әдейі арттырмайтынын көрсетеді. Бұл кәсіпкерлердің аталған шектен асқан жағдайда салық жүктемесі мен аудиттер санының күрт артатынын алдын ала есепке алумен түсіндіріледі. Нәтижесінде «тұзақ» пайда болады: бизнес үшін ауқымын кеңейткеннен гөрі шағын болып қалу немесе бірнеше кішігірім фирмаларға бөліну тиімдірек болады. Осыған байланысты, сарапшылар атап өткендей (Әлібекова және т.б., 2020), дамыған елдерде экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ететін компаниялар болғанымен, Қазақстанда орта бизнестің үлесі әлі де мардымсыз күйінде қалып отыр.

Сондай-ақ, мақалада халықаралық тәжірибе үш эталондық модельге: неміс, оңтүстік корейлық және сингапурлық модельдерге салыстырмалы талдау (бенчмаркинг) жүргізу арқылы ұсынылған. Бұл елдер экономиканың дәстүрлі «өзегін» дамытудан бастап, агрессивті цифрландыруға және сыртқы нарықтарға шығуға дейінгі қолдаудың түрлі аспектілері бойынша көшбасшылар ретінде таңдалды.

«Қазақстандық модельді» верификациялау үшін 2024–2025 жылдардағы жаһандық сын-қатерлерге шағын бизнестің ең жоғары төзімділігін көрсетіп отырған елдердегі қолдау жүйелеріне талдау жүргізілді.

Германия моделі: Децентрализация және «Mittelstand»

Неміс моделі елдегі барлық компаниялардың 99,6 %-ын құрайтын және жұмыс орындарының 58,5 %-ын қамтамасыз ететін «Mittelstand» (орта бизнес) бірегей феноменіне негізделген (BMW, 2025). Қазақстаннан негізгі айырмашылығы - KfW мемлекеттік банкінің рөлі, ол 2024 жылы қомақты ресурстарды жайғана мөлшерлемелерді субсидиялауға емес, «жасыл» трансформация мен инновацияларға бағыттады. KfW Internationalisation Report (2025) деректері бойынша, ЖІӨ стагнациясы жағдайында да

(+0,3 % 2025 ж.), неміс ШОБ-ы экспорттық белсенділігін сақтап отыр: компаниялардың шамамен 21 %-ы ірі корпорациялардың жеткізу тізбегіне терең интеграциялануының арқасында 2024 жылы халықаралық табыстың өскенін тіркеді. Қазақстанда болса, OECD (2023) мәліметінше, дуальды білім беру жүйесінің жоқтығынан және технологиялық алшақтықтан мұндай интеграция әлсіз болып қалуда.

Оңтүстік Корея моделі: SEMAS арқылы технологиялық акселерация

Оңтүстік Корея 2025 жылға қарай «ақылды өндіріс» парадигмасына көшті. SEMAS мемлекеттік агенттігі EDCF қоры шеңберінде 2025 жылға қарай 11,7 трлн вонға дейін ұлғайтылған бюджетті басқарады (Korea.net, 2023). Негізгі басымдық «Smart Factory» бағдарламасына берілген: үкімет автоматтандыру шығындарының 80%-ына дейін қаржыландырады. Осының арқасында Оңтүстік Корея ҒЗТКЖ шығындарының үлесі бойынша әлемде екінші орынды иеленеді (ЖІӨ-нің 4,93 %-ы), бұл шағын компанияларға жартылай өткізгіштер мен электроника өндірісінде көшбасшы болуға мүмкіндік береді (SberPro, 2025). Салыстыру көрсеткендей, қазақстандық «Өнімділік 2025» бағдарламасы шағын өндірістердің 1 %-дан азын ғана қамтиды, бұл корейлік тәжірибе аясында өте аз.

Сингапур моделі: Экспорттық эксмиссия және Enterprise Singapore гранттары

Сингапур моделі сыртқы экономикалық экспансияны ынталандыру бөлігінде ең тиімді деп танылды. Enterprise Development Grant (EDG) бағдарламасы 2024–2025 жылдары инновацияларға және шетелдік нарықтарға шығуға жұмсалатын білікті шығындардың 50–70 %-ын өтейді (Enterprise Singapore, 2025). Қолдау көбіне шартсыз берілетін Қазақстаннан айырмашылығы, Сингапурда грант табыс бойынша нақты KPI көрсеткіштері бар қаржылық өміршең компанияларға ғана беріледі. ADB Asia SME Monitor (2025) мәліметінше, бұл Сингапур ШОБ-ына бүкіл экономиканың таза қосылған құнының 55 %-дан астамын өндіруге мүмкіндік берді.

Кесте 4 – Халықаралық модельдердің салыстырмалы кестесі (2024–2025 жж.)

Индикатор	Қазақстан	Германия	Оңтүстік Корея	Сингапур
ШОБ-тың ЖІӨ-дегі үлесі (%)	36,5	55,7	60,0	50,0
Қолдау фокусы	Мөлшерлемелерді субсидиялау	R&D және экспорт	Роботизация (Smart)	Нарықтарға шығу
ҒЗТКЖ шығындарының үлесі (ЖІӨ-ден %)	0,13	3,14	4,93	2,20
Негізгі құрал	«Даму» қоры	KfW Банкі	SEMAS агенттігі	Enterprise Singapore

Ескертпе: OECD, KfW, Ministry of SMEs and Startups және Enterprise Singapore деректері негізінде автор құрастырған

Халықаралық тәжірибе ЭЫДҰ елдерінің табысы қолдау шараларын нақты KPI-мен (экспорт, инновациялық белсенділік) байланыстыруда екенін көрсетеді. Қазақстандық модельден айырмашылығы, Сингапур мен Оңтүстік Кореяда мемлекеттік ресурстар тек жоғары технологиялық әлеуеті бар өміршең компанияларға ғана іріктеп бөлінеді. Бұл біздің гипотезамызда ұсынылған болжамды жеделдету моделіне көшу қажеттілігін негіздейді.

Жалпы аталмыш модельдерді Қазақстан контекстінде талқылау (Syzykova & Azretbergenova, 2025) «әлеуметтік» қолдаудан (саудадағы жұмыс орындарын сақтау) «стратегиялық» қолдауға (корейлік үлгі бойынша инновацияларды ынталандыру) көшу қажеттілігін көрсетеді. Kgakatsi et al. (2024) атап өткендей, сингапурлықтарға ұқсас KPI енгізбейінше, мемлекеттік қаражат ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілік құрмай, тиімсіз бизнес-модельдерді субсидиялауды жалғастыра береді.

Халықаралық тәжірибемен салыстырмалы талдау іргелі айырмашылықтарды айқындайды. Оңтүстік Кореяда SEMAS мемлекеттік агенттігі ресурстарды толық цифрлық интеграцияға бағытталған «Smart Factory» бағдарламасына жұмылдырады (Ministry of SMEs and Startups, 2023). Қазақстанда болса, Kireyeva & Tsoi (2018) атап өткендей, ШОБ-ты цифрландыру фрагменттік сипатқа ие және көбінесе тек онлайн-төлем жүйелерімен шектеледі. Бұл біздің талдау деректерімізбен расталады, оған сәйкес өңдеу өнеркәсібіндегі шағын кәсіпорындардың тек 12%-ы ғана ERP класындағы жүйелерді пайдаланады.

Сонымен қатар, Vinodan and Mahalakshmi (2026) жаһандық энергетикалық өту жағдайында дамушы елдердің шағын бизнесі комплаенс үшін капиталдың жетіспеушілігінен осал жағдайда қалатынын көрсетеді. Kgakatsi et al. (2024) ұсынғандай, предиктивті аналитиканы енгізу пассивті донорлықтан белсенді акселераторлыққа көшу үшін қажетті шарт болып табылады.

Талдау барысында жоғары өсім көрсететін кәсіпорындарға ерекше назар аударылды. Бұл ретте, бірнеше жыл бойы тұрақты кіріс өсімін көрсететін компаниялар жылына 20 %-дан астам өсім көрсетеді. Олардың жылдар бойы тоқырап қалатын көптеген шағын фирмалардан айырмашылығы, жаңа жұмыс орындарының негізгі бөлігін құрып, инновацияларды енгізетін белсенді кәсіпорындар болуында.

Дегенмен, қазіргі мемлекеттік қолдау жүйесінде (2015–2025) оларды нақты анықтау құралдары жоқтың қасы. Бюджеттік қаражаттың көп бөлігі нарықтың барлық қатысушылары арасында бөлінеді, бұл әлсіз компаниялардың жай ғана қалқып жүруіне көмектеседі, бірақ күшті компаниялардың күрт секіруіне жол бермейді. Зерттеушілер (Kgakatsi et al., 2024) атап өткендей, мемлекет ресурстарды жоғары тиімділік пен тез кеңею әлеуетін көрсететін кәсіпорындарға бағыттау үшін ақылды іріктеу жүйесін енгізуі керек.

Қорытынды

Зерттеу барысында динамикалық қатарларды талдау Қазақстандағы ШОБ-ты қолдау моделінің сандық тұрғыдан орнықтылығын растайды. Дегенмен, 2026 жылдың басында ЖІӨ-нің 38,2%-ына жеткеніне қарамастан, салалық құрылым әлі де жоғары технологиялы өндірістің үлесін арттыру бағыты бойынша реформалауды қажет етеді.

Қазіргі өсім негізінен сауда мен қызмет көрсету сияқты қосылған құн төмен салалар есебінен қамтамасыз етілуде. Бұл сандық көрсеткіштер өсіп, бірақ сапалық технологиялық серпіліс жүзеге аспайтын «орташа табыс тұзағының» пайда болу қаупін тудырады.

Халықаралық стандарттармен (ЭЫДҰ, Дүниежүзілік банк) салыстыру негізінде субсидиялауға арналған жобаларды іріктеу критерийлерін қайта қарау ұсынылады. Мемлекеттік қолдау кәсіпкерлердің кең ауқымын қамтуға емес, технологиялық компаниялар мен экспорттаушыларды қолдауға бағытталуы керек.

ЭЫДҰ елдерінің (Германия, Оңтүстік Корея, Сингапур) тәжірибесімен салыстырмалы талдау мақсат қоюдағы іргелі алшақтықты айқындады. Әлемдік көшбасшылар

технологиялық акселерацияға (Оңтүстік Кореядағы «Smart Factory» бағдарламасы) және экспорттық экспансияға (Enterprise Singapore, 2025) бағдарланған «ақылды қолдау» моделіне көшкен кезде, қазақстандық модель «сервистік» тәсіл шеңберінде қалып отыр. Сапалық секіріс үшін негізгі кедергі - мемлекеттік қолдау шараларының еңбек өнімділігі мен инновациялық белсенділік көрсеткіштеріне қатаң байланысының болмауы, бұл Алибекова және оның әріптестері (2020) атап өткендей, бизнестің бюджеттік инъекцияларға тәуелділігінің қалыптасуына және оның табиғи бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуіне әкеледі.

Зерттеудің алынған нәтижелері негізінде Қазақстандағы ШОБ-ты мемлекеттік қолдау жүйесін реформалау бойынша келесі ұсынымдар ұсынылады:

Біріншіден, пайыздық мөлшерлемелерді жаппай субсидиялау саясатынан кредиттерге селективті кепілдік беруге көшуді жүзеге асыру қажет. Мемлекеттік қолдау қатаң сегменттелуі тиіс: басымдық еңбек өнімділігінің жыл сайынғы өсімі 10%-дан кем емес өңдеу өнеркәсібі мен IT-сектор кәсіпорындарына берілуі керек. Kgakatsi et al. (2024) атап өткендей, Big Data негізіндегі автоматты скоринг жүйесін енгізу ресурстарды бөлу кезіндегі субъективизмді жоюға және даму институттарының ашықтығын арттыруға мүмкіндік береді.

Екіншіден, қарқынды дамып келе жатқан шағын компанияларға («газельдерге») қатысты фискалдық саясатты қайта қарау талап етіледі. Kassumova (2023) жұмыстарында сипатталған «шыны төбе әсерін» еңсеру үшін өтпелі салық режимін енгізу ұсынылады, ол компанияларға масштабтау кезінде бизнесті жасанды бөлшектеудің алдын алып, жалпыға бірдей белгіленген нормаларға біртіндеп бейімделуге мүмкіндік береді.

Үшіншіден, немістің «Mittelstand» үлгісі бойынша инновациялық экожүйелерді дамыту стратегиялық басымдыққа айналуы тиіс. Бұл ШОБ-ты ғылыми-зерттеу институттарымен байланыстыратын өңірлік технологиялар трансферті орталықтарын құруды көздейді. Мұндай шара инновациялық белсенді кәсіпорындардың үлесін қазіргі 10,5%-дан орташа әлемдік көрсеткіштерге дейін (World Bank, 2024) арттыруға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, кәсіпкерлікті дамытудағы мемлекеттің рөлі «донордан» «акселераторға» трансформациялануы тиіс. Ұсынылған шараларды іске асыру 2030 жылға қарай Ұлттық жобаның жоспарлы көрсеткіштеріне қол жеткізіп қана қоймай, сонымен қатар жаһандық нарықтарда бәсекеге қабілетті кәсіпкерлердің сапалы жаңа табын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осы бағыттағы алдағы зерттеулер Қазақстанның түрлі облыстарында цифрлық қолдау құралдарын енгізу тиімділігіне ерекше өңірлік факторлардың әсерін зерделеуге шоғырлануы мүмкін.

Алғыс айту, мүдделер қақтығысы. Мақала жеке қаражат есебінен жазылды, авторларда мүдделер қайшылығы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі:

М.С.Закирова – әдебиеттерге және сала ауқымындағы деректерді қамтитын есептерге шолу жасау, саланың даму тенденциясын сипаттайтын сандық ақпараттарды талдау, мақаланы талапқа сай рәсімдеу, әдебиеттер тізімінің қорытынды нұсқасын бекіту, мақаланың құрылымын сыни тұрғыда қарау, мақаланың соңғы нұсқасын жариялауға бекіту.

Е.Қ.Жаров – жиналған мәліметтерді өңдеуде эконометрикалық әдістердің қолданылуы бойынша кеңес беру, сандық деректерді бағдарламалық өңделуін тексеру.

Әдебиеттер тізімі

1. Alibekova, G., Medeni, T., Panzabekova, A., & Mussayeva, D. (2020). Digital transformation enablers and barriers in the economy of Kazakhstan. *Journal of Asian Finance, Economics and Business*, 7(7), 565–575. <https://doi.org/10.13106/JAFEB.2020.VOL7.NO7.565>
2. Barro, R. J. (1998). *Determinants of economic growth: A cross-country empirical study*. MIT Press.
3. Bureau of National Statistics of the ASPR RK. (2026). *Statisticheskie pokazateli razvitiya malogo i srednego predprinimatel'stva v Respublike Kazakhstan*. Retrieved from <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-org/publications/>
4. Damu Entrepreneurship Development Fund JSC. (2024). *Otchet ob effektivnosti instrumentov gosudarstvennoy podderzhki za 2023–2024 gg.* [Report on the effectiveness of state support instruments for 2023–2024]. Retrieved from https://damu.kz/upload/iblock/e6c/2es2scq91xen15yyp14p77iel2r38k01/%D0%94%D0%B0%D0%BC%D1%83%20%D0%BA%D0%B0%D0%B7_%D1%80%D1%83%D1%81%20%D0%BF%D1%80%D0%B8%D0%BD%D1%82_2.pdf
5. Eduzor, N. (2024). *Innovative marketing strategies in the digital age: A comparative analysis of successful campaigns*. Zenodo. <https://doi.org/10.5281/zenodo.10511141>
6. Enterprise Singapore. (2025). *Growing our sustainable future with business*. Retrieved from https://www.enterprisesg.gov.sg/-/media/esg/files/resources/publications/sustainability-reports/enterprisesg_sr2025.pdf
7. Federal Ministry for Economic Affairs and Climate Action (BMWK). (2025). *The German Mittelstand as a model for success*. Retrieved from <https://www.bundeswirtschaftsministerium.de/Redaktion/EN/Dossier/sme-policy.html>
8. KfW Bank. (2025). *KfW internationalisation report: SME export activity in a stagnant economy*. Retrieved from <https://www.kfw.de/PDF/Download-Center/Konzernthemen/Research/PDF-Dokumente-Internationalisierungsbericht/KfW-Internationalisation-Report-2025.pdf>
9. Kgakatsi, M., Galeboe, O. P., Molelekwa, K. K., & Thango, B. A. (2024). The impact of big data on SME performance: A systematic review. *Businesses*, 4(4), 632–695. <https://doi.org/10.3390/businesses4040038>
10. Kireyeva, A. A., & Tsoi, A. A. (2018). Mechanisms for forming IT-clusters as “growth poles” in regions of Kazakhstan on the way to “Industry 4.0”. *Economic and Social Changes: Facts, Trends, Forecast*, 11(2), 212–224. <https://doi.org/10.15838/esc.2018.2.56.14>
11. Korea.net. (2023). *2025 Ministry of SMEs and Startups budget confirmed at KRW 15.2 trillion*. Retrieved from <https://www.korea.net/Government/Briefing-Room/Press-Releases/view?articleId=1055201&type=N&insttCode=A260117>
12. Ministry of SMEs and Startups. (2023). *Korea’s early-stage enterprise base continues to expand, with tech-driven firms showing stronger economic impact*. Retrieved from <https://www.mss.go.kr/site/eng/ex/bbs/View.do?cbIdx=244&bcIdx=1064899>
13. OECD. (2023). *OECD SME and entrepreneurship outlook 2023*. OECD Publishing. <https://doi.org/10.1787/342b8564-en>
14. Saci, K., & Mansour, W. (2023). Risk sharing, SMEs’ financial strategy, and lending guarantee technology. *Risks*, 11(2), Article 33. <https://doi.org/10.3390/risks11020033>
15. SberPro. (2025, August 15). *Ekonomika Yuzhnoy Korei: chto nuzhno znat’ biznesu v 2025 godu* [Economy of South Korea: What business needs to know in 2025]. Retrieved from <https://sber.pro/publication/eksport-chipi-tehnologii-chto-nuzhno-znat-biznesu-ob-ekonomike-respubliki-koreya/>
16. Syzdykova, A., & Azretbergenova, G. (2025). Analysis of the impact of SMEs’ production output on Kazakhstan’s economic growth using the ARDL method. *Economies*, 13(2), Article 38. <https://doi.org/10.3390/economies13020038>
17. Vinodan, A., & Mahalakshmi, S. (2026). *Micro, small, and medium enterprises for global sustainability: ESG standards and compliance*. Routledge. <https://doi.org/10.4324/9781003605492>

18. World Bank. (2024). Kazakhstan economic update: Shaping tomorrow: Reforms for lasting prosperity. World Bank Group. Retrieved from <http://documents.worldbank.org/curated/en/099759502082435630>

М.С. Закирова^{1*}, Е.К. Жаров²

¹*Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова, Кокшетау, Казахстан*

²*Филиал Академии государственного управления при Президенте РК
по Акмолинской области, Кокшетау, Казахстан*

Сравнительный анализ моделей государственной поддержки малого и среднего предпринимательства: трансформация Казахстанского опыта в контексте мировой практики

Аннотация. *Цель:* в статье проводится оценка эффективности инструментов государственной поддержки малого и среднего бизнеса (МСБ) в Республике Казахстан за период 2015–2025 годов и обосновывается необходимость перехода от универсальных мер к модели селективного стимулирования инновационного развития.

Методы: исследование основано на системном подходе и сочетает описательный анализ статистических данных из 17 регионов и трех мегаполисов Казахстана за период 2015–2025 годов. Основным методом исследования являлся международный сравнительный анализ (бенчмаркинг) с передовым опытом стран ОЭСР.

Результаты: анализ динамики за 2015–2025 годы показал, что, несмотря на увеличение доли МСП в валовом внутреннем продукте до 38,2 %, сохраняется структурная стагнация: 41,8 % регионов по-прежнему ориентированы преимущественно на торговлю. Также выявлены региональные дисбалансы, сформировавшиеся из-за размещения 65 % инновационных предприятий в мегаполисах, что свидетельствует о низкой эффективности территориального распределения субсидий.

Научная новизна: заключается в разработке модели «прогнозного ускорения», предполагающей замену прямого субсидирования инструментами распределения рисков, связанными с ключевыми показателями производительности труда.

Практическая значимость: состоит в обосновании внедрения переходных налоговых режимов и цифровой системы оценки на основе больших данных, направленных на повышение прозрачности и результативности институтов развития.

Ключевые слова: малый бизнес, государственная поддержка, Республика Казахстан, международный бенчмаркинг, инновационная экосистема, аллокативная эффективность.

M.S. Zakirova^{1*}, Ye.K. Zharov²

¹*Shokan Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan*

²*The branch of the Academy of Public Administration under the President
of the Republic of Kazakhstan in Akmola region, Kokshetau, Kazakhstan*

Comparative analysis of state support models for small and medium-sized enterprises: transformation of Kazakhstan's experience in the context of global practice

Abstract. *Purpose:* This article presents a comprehensive analysis of the effectiveness of government support systems for small and medium-sized businesses in Kazakhstan in the period 2015–2025 and the search for strategies for the transition from extensive quantitative growth to high-quality technological acceleration.

Methods: The study employs methods of systematic and descriptive analysis of statistical data from 17 regions and three megacities of Kazakhstan for the period 2015-2025. The main method used was international comparative analysis (benchmarking) with best practices from OECD countries.

Results: analysis of the dynamics for 2015–2025 shows that despite the increase in the share of SMEs in the gross domestic product to 38,2%, structural stagnation persists: 41,8% of regions remain primarily focused on trade. Regional imbalances are also identified, resulting from the location of 65% of innovative enterprises in megacities, indicating the low effectiveness of the territorial distribution of subsidies.

The scientific novelty: It lies in the development of a "predictive acceleration" model, which proposes replacing direct subsidies with risk-sharing instruments linked to key labor productivity indicators.

Practical significance: The study provides a justification for the implementation of transitional tax regimes and a digital assessment system based on big data, aimed at increasing the transparency and effectiveness of development institutions.

Keywords: small business, government support, Republic of Kazakhstan, international benchmarking, innovation ecosystem, allocative efficiency.

References

1. Alibekova, G., Medeni, T., Panzabekova, A., & Mussayeva, D. (2020). Digital transformation enablers and barriers in the economy of Kazakhstan. *Journal of Asian Finance, Economics and Business*, 7(7), 565–575. Available at: <https://doi.org/10.13106/JAFEB.2020.VOL7.NO7.565> [in English].
2. Barro, R. J. (1998). *Determinants of economic growth: A cross-country empirical study*. MIT Press [in English].
3. Bureau of National Statistics of the ASPR RK. (2026). *Statisticheskie pokazateli razvitiya malogo i srednego predprinimatel'stva v Respublike Kazakhstan* [Statistical indicators of small and medium-sized business development in the Republic of Kazakhstan]. Available at: <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-org/publications/> [in Russian].
4. Damu Entrepreneurship Development Fund JSC. (2024). *Otchet ob effektivnosti instrumentov gosudarstvennoy podderzhki za 2023–2024 gg.* [Report on the effectiveness of state support instruments for 2023–2024]. Available at: https://damu.kz/upload/iblock/e6c/2es2scq91xen15yyp14p77iel2r38k01/%D0%94%D0%B0%D0%BC%D1%83%20%D0%BA%D0%B0%D0%B7_%D1%80%D1%83%D1%81%20%D0%BF%D1%80%D0%B8%D0%BD%D1%82_2.pdf [in Russian].
5. Eduzor, N. (2024). *Innovative marketing strategies in the digital age: A comparative analysis of successful campaigns*. Zenodo. Available at: <https://doi.org/10.5281/zenodo.10511141> [in English].
6. Enterprise Singapore. (2025). *Growing our sustainable future with business*. Available at: https://www.enterprisesg.gov.sg/-/media/esg/files/resources/publications/sustainability-reports/enterprisesg_sr2025.pdf [in English].
7. Federal Ministry for Economic Affairs and Climate Action (BMWK). (2025). *The German Mittelstand as a model for success*. Available at: <https://www.bundeswirtschaftsministerium.de/Redaktion/EN/Dossier/sme-policy.html> [in English].
8. KfW Bank. (2025). *KfW internationalisation report: SME export activity in a stagnant economy*. Available at: <https://www.kfw.de/PDF/Download-Center/Konzernthemen/Research/PDF-Dokumente-Internationalisierungsbericht/KfW-Internationalisation-Report-2025.pdf> [in English].
9. Kgakatsi, M., Galeboe, O. P., Molelekwa, K. K., & Thango, B. A. (2024). The impact of big data on SME performance: A systematic review. *Businesses*, 4(4), 632–695. Available at: <https://doi.org/10.3390/businesses4040038> [in English].
10. Kireyeva, A. A., & Tsoi, A. A. (2018). Mechanisms for forming IT-clusters as “growth poles” in regions of Kazakhstan on the way to “Industry 4.0”. *Economic and Social Changes: Facts, Trends, Forecast*, 11(2), 212–224. Available at: <https://doi.org/10.15838/esc.2018.2.56.14> [in English].

11. Korea.net. (2023). 2025 Ministry of SMEs and Startups budget confirmed at KRW 15.2 trillion. Available at: <https://www.korea.net/Government/Briefing-Room/Press-Releases/view?articleId=1055201&type=N&insttCode=A260117> [in English].
12. Ministry of SMEs and Startups. (2023). Korea's early-stage enterprise base continues to expand, with tech-driven firms showing stronger economic impact. Available at: <https://www.mss.go.kr/site/eng/ex/bbs/View.do?cbIdx=244&bcIdx=1064899> [in English].
13. OECD. (2023). OECD SME and entrepreneurship outlook 2023. OECD Publishing. Available at: <https://doi.org/10.1787/342b8564-en> [in English].
14. Saci, K., & Mansour, W. (2023). Risk sharing, SMEs' financial strategy, and lending guarantee technology. *Risks*, 11(2), Article 33. Available at: <https://doi.org/10.3390/risks11020033> [in English].
15. SberPro. (2025, August 15). Экономика Южного Кореи: что нужно знать бизнесу в 2025 году [Economy of South Korea: What business needs to know in 2025]. Available at: <https://sber.pro/publication/eksport-chipi-tehnologii-chto-nuzhno-znat-biznesu-ob-ekonomike-respubliki-koreya/> [in Russian].
16. Syzdykova, A., & Azretbergenova, G. (2025). Analysis of the impact of SMEs' production output on Kazakhstan's economic growth using the ARDL method. *Economies*, 13(2), Article 38. Available at: <https://doi.org/10.3390/economies13020038> [in English].
17. Vinodan, A., & Mahalakshmi, S. (2026). *Micro, small, and medium enterprises for global sustainability: ESG standards and compliance*. Routledge. Available at: <https://doi.org/10.4324/9781003605492> [in English].
18. World Bank. (2024). Kazakhstan economic update: Shaping tomorrow: Reforms for lasting prosperity. World Bank Group. Available at: <http://documents.worldbank.org/curated/en/099759502082435630> [in English].

Авторлар туралы мәлімет:

Закирова М.С. – хат-хабар авторы, PhD, аға оқытушы Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, PhD докторант, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті Көкшетау қ., Қазақстан.

Жаров Е.К. – э.ғ.к., Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Ақмола облысы бойынша филиалының директоры, Көкшетау қ., Қазақстан,

Закирова М.С. – автор для корреспонденции, PhD, старший преподаватель, Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова; докторант PhD, Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева, Кокшетау, Казахстан.

Жаров Е.К. – к.э.н., директор филиала Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан по Ақмолинской области, Кокшетау, Казахстан.

Zakirova M.S. – Corresponding Author, PhD, Senior Lecturer, Sh. Ualikhanov Kokshetau University; PhD Student, M. Kozybayev North Kazakhstan University, Kokshetau, Kazakhstan.

Zharov Ye.K. – PhD in Economics, Director of the Akmola Regional Branch of the Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan, Kokshetau, Kazakhstan.



Copyright: © 2026 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4>).